

Арқадағы абат бақ

Қарағандының Оңтүстік-Шығыс бөлігі мен «Көгілдір тоғандар» шағын ауданының аралығында алдағы уақытта аумағы 200 гектарды құрайтын ірі экосаябақ салынады. Бүгінде болашақ демалыс аймағының естелік тасы орнатылып, ауқымды жобаның алғашқы қадамы жасалды. Сонымен қатар, «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында саябақ аумағына мың түп емен, алма, қарағай және қарағаш көшеті отырғызылды. Табиғатты түлетіп, өңірдің экологиялық ахуалын жақсартуға бағытталған игі шараға облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев қатысып, көпшілікпен бірге көшет егу рәсіміне қатысты.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өңір басшысы Ермағанбет Бөлекпаев өз сөзінде болашақ экосаябақтың 150 гектары жасыл желек отырғызуға арналатынын атап өтті. Әрі алдағы уақытта ағаш отырғызу және құрылыс жұмыстары кезең-кезеңімен іске асырылатынын, жобаның құрылысы шамамен бес жылға дейін жалғасатынын мәлімдеді.

– Қарағанды – талай буынның маңдай терімен өсіп-өркендеген, өзіндік болмысы мен қайсар рухы қалыптасқан қасиетті мекен. Сондықтан, осы өңірде еңбек етіп, ел дамуына үлес қосып жүрген азаматтар үшін жайлы әрі қолайлы орта қалыптастыру – баршамызға ортақ міндет. Ал, бұл саябақ – тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған маңызды қадамдардың бірі. Қазіргі таңда заманауи қалалар тек экономикалық көрсеткіштермен ғана емес, халықтың өмір сүру деңгейімен де өзара бәсекеге түсіп отыр.



Коллекция жасаған Шығар Адамбеков

Өлемдегі көптеген индустриялық орталықтар жасыл аймақтарды дамытуға басымдық беруде. Өнеркәсіптік аудандар біртіндеп экологиялық тұрғыдан қолайлы, жасыл қалаларға айналып келеді. Яғни, бүгінгі таңда басты назар тек инфрақұрылымға емес, адамға, оның табиғатпен үндестігіне, денсаулығы мен эмоционалдық

жай-күйіне аударылуға. Қарағанды да осы бағытта нық қадам жасап келеді. Сондықтан, экосаябақ алдағы уақытта жай ғана демалыс орны емес, қала тұрғындарының көңіл-күйіне, экологиялық ахуалға және шаһардың жалпы атмосферасына оң әсер ететін маңызды қоғамдық кеңістікке айналады деп сенемін, – деді Ермағанбет

Бөлекпаев.

Өңір басшысы алдағы уақытта бұл бастамаға қала тұрғындары, бизнес қауымдастығы мен түрлі ұйым өкілдері қолдау білдіріп, ағаш отырғызуға ниет танытса, парк аумағынан арнайы жер телімдері бөлінетінін атап өтті. Оның айтуынша, бұл жоба көпшіліктің ортақ ісіне айналып, қаланың жа-

сыл белдеуін қалыптастыруға серпін бермек. Сонымен қатар, аймақ басшысы аталған аумақта бүгінде құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатқанын жеткізді.

– Қарағанды қаласының Оңтүстік-Шығыс бөлігі мен «Көгілдір тоғандар» шағын ауданының аралығында құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр. Мұнда заманауи тұрғын үйлер бой көтеруде. Сонымен қатар, болашақ спорт кластерінің де іргетасы қаланып үлгерді. Алдағы уақытта бұл аумақта спорт интернаты, стадион және мектеп салу жоспарланған. Қазірдің өзінде Оңтүстік-Шығыс пен Майқұдықты байланыстыратын айналма жол салынып жатыр. Жалпы, келешекте бұл жер қаладағы ең көрікті әрі заманауи шағын аудандардың біріне айналады деп сенемін, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Өңірде 75-тен астам волонтерлік ұйымның басын біріктірген арнайы фронт-офис жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. Еріктілер қозғалысының дамуына серпін беріп, жастардың белсенділігін арттыруға ықпал етуде. Соның нәтижесінде, аталған ұйымдардан еріктілер жиналып осы іс-шараға арнайы қатысқан.

– Бұл біз қатысып отырған алғашқы да, соңғы бастама да емес. Осыған дейін де талай сенбілікке қатысып, ағаш отырғызу акцияларында белсенділік танытып келеміз. Табиғатты аялау, туған жердің тазалығы мен көркеюіне үлес қосу – әр азаматтың ортақ міндеті деп білеміз. Ел игілігі үшін ұйымдастырылатын мұндай тағылымды шаралардың қоғам үшін де, еріктілер үшін де маңызы зор. Өйткені, мұндай бастамалар жастардың жауапкершілігін арттырып, қоршаған ортаға деген жанаһырлық пен азаматтық белсенділігін қалыптастырады. Алдағы уақытта да осындай игі жобалардан шет қалмай, қоғамға пайдалы істердің бел ортасында



болуға әрдайым дайынбыз, – деді фронт-офис Ардана Мырзанова.

Қарағанды қаласының тұрғыны Магомед Зауров болашақ экосаябақ бой көтеретін аумақ өзіне бала күннен таныс екенін айтады. Оның сөзінше, бала кезінен осы маңдағы көлдің жағасында уақыт өткізіп, табиғат аясында серуендеп өскен. Сондықтан, аталған аумақтың көркейіп, заманауи экосаябаққа айналуы жергілікті тұрғындар үшін ерекше маңызға ие екенін атап өтті.

– Мен үшін Қарағанды – Қазақстандағы ең үздік қала. Біз осы жерде шоғылып, балық аулайтынбыз. Енді бұл жер бұрынғыдан да көркейіп, егілген барлық ағаштар тамыр жайып, қала тұрғындары мен қонақтарын қуантса екен деймін. Игі іс-шараның өтетінін ести салысымен арнайы келдім. Туған қаламыздың көркейіп, жасыл желекке бөленуіне аз да болса үлес қосуды азаматтық парызым деп санаймын. Осындай бастамалардың арқасында қаламыздың ажары артып, экологиялық ахуалы жақсара түседі деп сенемін, – деді Магомед Зауров.

Айта кетейік, аталған аумақта жалпы көлемі 72 гектарды құрайтын ауқымды спорттық кластер салу жоспарланып отыр. Жоспарға сәйкес, мұнда заманауи талаптарға сай әмбебап арена, Мұз сарайы, жеңіл атлетика манежі және 12 мың көрерменге арналған UEFA талаптарына сәйкес келетін стадион бой көтереді. Ал, Футбол академиясының құрылысы қазірдің өзінде басталып кеткен.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

БАСПАСӨЗ-2026

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2026 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жалғасуда. Күнделікті жаңалықтар, сараптамалық мақалалар, мәдениет пен спортқа арналған жарияланымдар – бәрі бір газетте.

Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ Ермаков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады.

«Ortalyq Qazaqstan» – ақпаратқа сенім, жаңалыққа жақын!

Санаттар	Баламалы жазылым	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға 7600 теңге	6 ай 13 770,14	10 141,30
Жеке жазылулар үшін	6 айға 4000 теңге	6 ай 6 141,30	5 891,30

Анықтама телефоны: 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.

E-mail: otdel.pochtovoy@bk.ru



Касп QR арқылы жазылуға болады

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!
«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнынсыз) баламалы жазылу жүргізіледі.

Шексіз мүмкіндікке жол ашқан бастама



«AMANAT» партиясының «Кедергісіз келешек» жобасы аясында ерекше білім беру қажеттіліктері бар жастарды кәсіби оқыту, жұмыспен қамту және әлеуметтік бейімдеу мәселелеріне арналған «Шексіз мүмкіндік» атты дөңгелек үстел өтті. Маңызды басқосуда мемлекеттік органдардың, білім беру және денсаулық сақтау саласының мамандары, жұмыспен қамту орталықтарының өкілдері, кәсіпкерлер, колледж директорлары, ата-аналар мен жұмыс берушілер бас қосты.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жиында ерекше білім беру қажеттіліктері бар 9 және 11 сынып түлектерінің бірыңғай базасын қалыптастыру, оларға кәсіби бағдар беру, оқу кезеңінде жан-жақты қолдау көрсету және кейін тұрақты жұмысқа орналастыру мәселелері жан-жақты талқыланды. Сонымен қатар, жастарды қоғамға бейімдеу, инклюзивті жұмыс орындарын көбейту және әрбір түлектің әлеуетін ашуға мүмкіндік жасау жолдары қарастырылды.

«AMANAT» партиясы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков бұл бастама, бір реттік көмек көрсетумен шектелмейтінін атап өтті.

– Бүгінгі ортақ міндет – денсаулығына, ерекшелігіне қарамастан, әрбір жасқа мамандық алып, қабілетін ашуға қоғамда орын табуға нақты мүмкіндік жасау. Колледждер, жұмыс берушілер мен



мемлекет арасындағы меморандумдар – осы бағыттағы нақты нәтижелердің көрінісі. Бүгін өтетін дөңгелек үстелдің мақсаты – ерекше білім беру қажеттіліктері бар түлектердің болашағына қатысты өзекті мәселелерді талқылау. Биыл облысымызда 256 ерекше білім беруді қажет ететін оқушы мектеп бітіреді. Осы жастардың мамандық тандауынан бастап, колледж бен жоғары оқу орнын аяқтауынан кейін жұмысқа орналасуына дейінгі мәселелер жан-жақты

қарастырылады. Бұл алаңда мәселе тек талқыланп қана қоймай, алдағы уақытта жауапты мекемелерге нақты тапсырмалар беріледі. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолайлы жағдай жасау және олардың қоғамға толыққанды араласуына мүмкіндік беру – партиямыздың және мемлекетіміздің басым бағыттарының бірі, – деді ол.

► 2-бет

Тілсіз жау бейқамдықты кешірмейді

Облыс аумағында өрт қаупі жоғары маусымға дайындық күшейтілді. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың төрағалығымен өткен аппарат жиынында орман және дала өрттерінің алдын алу, төтенше жағдайлардың тәуекелін төмендету және жедел әрекет ету жүйесінің дайындығы жан-жақты қаралды. Жиында мемлекеттік орман қорын қорғау, өртке қарсы инфрақұрылымды нығайту, рейдтік жұмыстарды күшейту және «Ауыл құтқарушылары» бағдарламасын іске асыру барысы талқыланып, жауапты мекемелерге бірқатар нақты тапсырма жүктелді.



Жәлел ШАҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Орман қауіпсіздігі – бақылауда

Жиында облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Бахтияр Санбаев орман қорындағы өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндады. Мәлімдеуінше, өрт қаупі жоғары кезеңде облыстың мемлекеттік орман қорын сақтау және тілсіз жаудың алдын алу мақсатында арнайы іс-шаралар жоспары бекітілген. Сонымен қатар, орман өрттерін сөндіру кезінде басқарма мен облыстық Төтенше жағдайлар департаментінің өзара іс-қимыл алгоритмі мақұлданып, бірлескен әрекет ету тәртібі нақтыланған.

Аймақтағы орман алқаптарын қорғау бағытында «Қазавиаорманқорғау» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қарқаралы авиациялық бөлімшесімен бірлескен жұмыс та жалғасуда. Соның нәтижесінде 2025 жылы Қу орман шаруашылығын әуеден қорғау мәселесі толық шешімін тапқан.

Аппарат жиынында өрттің алдын алу шарасының бірі ретінде минералданған жолақтарды күтіп-ұстау жұмыстарының барысы да айтылды. Биыл облыс бойынша жалпы ұзындығы 4856 шақырым минералданған жолақты күтіп ұстау жоспарланыпты. Оның 3923 шақырымы Қа-

рағанды орман шаруашылығына, 202 шақырымы Ақтоғай орман шаруашылығы, ал, 731 шақырымы Қу орман шаруашылығы мекемесіне тиесілі. Қазір оның 180 шақырымы нақты орындалған.

Жиында өткен жылғы өрт оқиғаларының статистикасы да назарға ұсынылды. 2025 жылы ведомствоға қарасты орман мекемелерінің аумағында жалпы көлемі 4,97 гектарды қамтыған төрт орман өрті тіркелсе, оның ішінде, орданды алқап көлемі 3,77 гектар болған. Ал, 2026 жылдың басынан бері мемлекеттік орман қорында бірде-бір орман өрті тіркелмеген.

– Орман мекемелерінде қызметкерлердің кәсіби даярлығын күшейту мен қауіпсіздік талаптарын сақтау мақсатында техникалық минимум сабақтары өткізілді. Бұдан бөлек, орман заңнамасын бұзу фактілерінің алдын алу үшін мекеме қызметкерлері 130 рейд ұйымдастырып, тұрғындар арасында 385 түсіндіру жұмысын жүргізді. Өрт қауіпсіздігі тақырыбында бұқаралық аппарат құралдарында 10 мақала жарияланып, орман алқаптарына 132 аншлаг орнатылды, – дейді Бахтияр Жұматайұлы.

Өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзған азаматтарға қатысты бақылау да күшейтілген. Қазіргі уақытта орман ішінде өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзғандарға қатысты жеті әкімшілік хаттама толтырылған. Жалпы көлемі 259,5 мың теңге айыппұл салынса, оның 43,2 мың теңгесі өндірілген.

Табиғи өрттердің алдын алу жұмыстары жалғасуда

Аппарат жиынында өрт қауіпсіздігі кезеңде дайындық мәселесі бойынша облыстық төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Марғұллан Аманбаев табиғи өрттердің алдын алу және оларды жою бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

Жиында келтірілген мәліметке сәйкес, қазіргі уақытта облыс аумағында үш орман өрті және құрғақ шөптің жануына байланысты 12 жағдай тіркелген. Табиғи өрттермен күресу үшін төтенше жағдайлар департаментінің 60 техникасы, 571 қызметкері және бір тікұшағы тұрақты әзірлікте тұр. Сонымен қатар өрт қаупі күшейген кезеңде әскери бөлімдердің күшімен үш орман шаруашылығында механикаландырылған күзет бекеттері қойылады.

Марғұллан Аманбаевтың айтуынша, департаменттің командалық орталығында жедел штаб тәулік бойы үздіксіз жұмыс істейді. Өрт жағдайын бақылау және орман шаруашылықтарындағы ахуалды талдау үшін бейнебақылау жүйелері мен ғарыштық мониторинг мүмкіндіктері пайдаланылуда. Сондай-ақ, өрттің таралу бағытын болжау және барлау жұмыстарын жүргізу үшін 10 дрон жұмылдырылған.

Өңірдегі орман алқаптары мен демалыс орындарында мобильді топтар тұрақты түрде рейдтер жүргізуде. Тексеру барысында өрт жағу, құрғақ шөп өртеу және өрт



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

қауіпсіздігі талаптарын бұзу деректері анықталған. Нәтижесінде 30 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылып, оларға жалпы сомасы 1,6 миллион теңге айыппұл салынған.

Жиында елді мекендердің өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі де көтерілді. Бүгінде облыстағы 148 елді мекенді қорғау мақсатында 66 өртке қарсы пост жұмыс істеп тұр. Ал, табиғи өрттерге жедел әрекет ету тетіктерін іс жүзінде пысықтау үшін алдағы уақытта «Өрт-2026» республикалық оқу-жаттығуы өткізілмек.

Сонымен қатар ауылдық аумақтардың қауіпсіздігін арттыру бағытында әкімдікпен бірлесіп «Ауыл құтқарушылары» ведомстволық бағдарламасы іске асырылуда. Бағдарлама аясында биыл 18 жаңа өртке қарсы бекет ашу және 14 бекетті жаңғырту жоспарланған. Өз кезегінде төтенше жағдайлар департаменті бұл бекеттерге 17 техника беруге дайын екенін мәлімдеді.

Дерекке сүйенсек, өртке қарсы бекеттердің тиімділігі жыл сайын артып келеді. Орта есеппен мұндай бекеттер жылына 43 шақырға шығады. Соңғы бес жыл ішінде олар 503 өртті сөндіруге қатысқан.

Марғұллан Аманбаев өрт қаупі жоғары кезеңнің қауіпсіз өтуі департаменттің ерекше бақылауында екенін атап өтті.

Аймақ басшысы Ермағанбет Қабдулаулы, өрт қауіпсіздігі кезеңде барлық жауапты мекемелер үйлесімді әрі жедел әрекет етуі қажеттігін және ең алдымен тұрғындар арасында өрт қауіпсіздігі қағидаларын сақтау бойынша профилактикалық жұмыстарды күшейтіп, рейдтік іс-шараларды жандандыру маңызды екенін баса айтты.

– Табиғи өрттердің алдын алу және оларға дер кезінде ден қою үшін барлық күштер мен құралдардың тұрақты дайындығы қамтамасыз етілуі тиіс. Барлық мүдделі мемлекеттік органдар 2026 жылғы өрт маусымының қауіпті кезеңінен өту жоспары аясындағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыруы қажет. Аудан әкімдері «Ауыл құтқарушылары» бағдарламасы шеңберінде өрт сөндіру бекеттерін құру жұмыстарын күшейтуі керек. Біз өрт маусымының қауіпті кезеңінен ұйымшылдықпен өтіп, тиісті шараларды дер кезінде атқара отырып, ірі табиғи апаттардың алдын алуымыз қажет. Осы мәселеге қатысты нақты тапсырмалар хаттамаға енгізілсін, – деді Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

Шексіз мүмкіндікке жол ашқан бастама

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бүгінде өңірде 17 673 бала ерекше білім беру қажеттіліктеріне ие болса, олардың 16 283-і немесе 92,1 пайызы арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамтылған. Бұл көрсеткіш инклюзивті білім берудің қолжетімділігі артып, ерекше балалардың қоғамға бейімделуіне жағдай жасалғанын көрсетеді. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың басым бөлігі жалпы білім беретін мектептерде білім алады. Атап айтқанда, 8 818 бала мектептерде, 3 474 бала балабақшаларда, 1 500 бала арнайы мектеп-интернаттарда, 774 студент техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында, ал 950 бала арнайы білім беру ұйымдарында тәрбиеленіп, оқуда. 887 бала үйде білім алады.

Өңірде ерекше балаларды қолдауға арналған 32 арнайы білім беру ұйымы жұмыс істейді. Бұл мекемелер жүздеген балаға қажетті түзету және оңалту қызметтерін көрсетеді. 2026 жылы инклюзивті білім беру аясын кеңейту жұмыстары жалғасуда.

Теміртау қаласы мен Абай ауданында балабақшалар жанынан алты арнайы топ ашылып, 54 орын құрылды. Ал, Қарағанды мен Теміртау қалаларында тоғыз арнайы сынып ашылып, тағы 78 балаға жағдай жасалды. Бұқар жырау ауданында жаңа психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінде, 30 балаға оңалту қызметі көрсетіледі. 2025-2026 оқу жылында шешім күткен мәселелер де бар. Қазіргі таңда 1 390 бала арнайы қолдаумен толық қамтылмаған. Оның ішінде, 419 бала мектепке дейінгі ұйымдарға кезекте тұрса, 688 бала арнайы білім беру ұйымдарына мұқтаж, ал, 283 бала ерте қолдау қызметтеріне қол жеткізе алмай отыр. Бұл мәселені шешу үшін қосымша 11 арнайы топ ашып, 120 орын құру жоспарланған. Инклюзивті білім берудің табысты болуы қадірлік әлеуетке де байланысты.

Облыста 776 арнайы педагог, 567 педагог-ассистент және сегіз жеке көмекші жұмыс істейді. Дегенмен, өңірге тағы 183 арнайы педагог қажет. Бұл тапшылықты азайту үшін өкім гранттарын бөлу, қайта даярлау жұмыстарын ұйымдастыру және мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында мамандарды оқыту көзделген. Биыл облыста ерекше білім беру қажеттіліктері бар 256 мектепте 220-дан астамы колледждерге оқуын жалғастыруды жоспарлап отыр. Жалпы, Қарағанды облысындағы 51 колледжде 774 студент ерекше білім беру бағыты бойынша білім алады. Жеті колледж арнайы білім беру бағдарламаларын әзірлеп, оқу процесін бейімдеген.

Түлектерді жұмыспен қамту бағытында да оң нәтижелер бар. Егер 2024-2025 оқу жылында 117 түлектің 31-і жұмысқа орналасса, 2025-2026 оқу жылында 154 түлектің 83-і алдын ала жұмысқа орналастырылған. 10 түлек жоғары оқу орындарында білімін жалғастыруды жоспарлап отыр. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар тек білім алып қана қоймай, түрлі халықаралық және республикалық жарыстарда жоғары жетістіктерге жетіп жүр.

Дөңгелек үстелде «AMANAT» партиясы әйелдер қанатының жетекшісі, облыстық мәслихаттың депутаты Зара Шалабаева ерекше білім беру қажеттіліктері бар жастарды қолдаудың әлеуметтік маңызына тоқталды.

– «Шексіз мүмкіндік» жобасы – тек білім мен жұмысқа орналастыру мәселесі ғана емес. Бұл – сенім, отбасыға қолдау және жастардың өзін қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезінуіне жағдай жасау. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар колледж түлектерінің оқу аяқтағаннан кейін жұмысқа орналасуы – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Осыған байланысты мемлекеттік мекемелер, колледж директорлары, жұмыс берушілер және ата-аналардың қатысуымен арнайы дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Дөңгелек үстел барысында жұмыс берушілермен меморандумға қол қойылып, түлектерді нақты жұмысқа орналастыру мәселесі талқыланды. «Шексіз мүмкіндік» жобасының нәтижесінде көптеген түлектер тұрақты жұмысқа орналасады деп сенеміз, – деді ол.

Биыл Қарағанды облысында мүгедектің бар азаматтарды еңбекке бейімдеуге бағытталған жаңа «Job Coach» жобасы іске қосылды. Жобаның мақсаты – ерекше қажеттіліктері бар адамдардың қоғамға толыққанды интеграциялануына жағдай жасау. Жоба аясында үміткерлердің қабілеттері мен қызығушылықтары бағаланып, сәйкес бос жұмыс орындары іріктеліп, қажет болған жағдайда жұмыс орнында арнайы жағдайлар жасалып, кәсіби оқыту мен қолдау бейімделуге қолдау көрсетіледі.

Дөңгелек үстелдің маңызды нәтижелерінің бірі – колледждер, жұмыс берушілер және түлектер арасында 11 ұшжақты меморандумға қол қойылуы болды. Құжаттар өндірістік тәжірибеден өту, тағылымдама ұйымдастыру және түлектерді кейін жұмысқа орналастыруды көздейді. Бұл қадам ерекше қажеттілігі бар жастардың еңбек нарығына сенімді түрде енуіне жол ашды.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Ғылым мен тәжірибе тоғысы

ІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы басында «Құқықтық тәртіп, заңдылық және патриотизм: ұлттық және халықаралық тәжірибе» тақырыбында халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтті. Шара «Заң және тәртіп» идеологиясын жүзеге асыру және Қарағанды облысының прокуратурасы жанындағы Жобалық офисінің жүйелі жұмысы аясында ұйымдастырылды.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Аралас форматта өткен конференцияда құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, заңдылықты нығайту, қылмыстық және әкімшілік құқықты дамыту, криминалистиканың заманауи сын-қатерлері және киберқылмысқа қарсы іс-қимылдың өзекті мәселелері кеңінен сөз болды.

– Бүгінгі ғылыми-тәжірибелік конференция заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуға, құқықтық мемлекеттің қағидаларын дамытуға және курсанттар мен студенттердің ғылыми әлеуетін арттыруға бағытталған маңызды алаң болып табылады. Жас зерттеушілердің ғылыми ізденістері мен тың бастамалары еліміздің өркеніне дамуына, құқықтық мәдениетті қалыптастыруға және «Заң – тәртіптің негізі, ал, тәртіп – қуатты мемлекеттің тірегі» қағидатын қоғамда орнықтыруға елеулі үлес қосады, – деді ІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы бастығының орынбасары, заң ғылымдарының

кандидаты, полиция полковнигі Олег Цой.

Конференция барысында құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, цифрлық қауіп-қатерлердің алдын алу және жаңа буын мамандарын даярлау мәселелері кеңінен талқыланды. Қатысушылар заң үстемдігін нығайту, құқықтық мәдениетті қалыптастыру және қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі білім мен ғылымның роліне ерекше назар аударды.

– Бүгінде құқықтық тәртіп пен заңдылық мәселелері бұрынғыдан да өзекті бола түсті. Қазіргі қауіп-қатерлер күрделеніп, қылмыс цифрлық кеңістікке ауысты. Сондықтан, қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жаңа буынның кәсіби әрі технологияны жетік меңгерген мамандары қажет.

Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан «Заң мен тәртіп» қағидаты осы тұрғыда ерекше маңызға ие. Заңға құрмет әділдік сезімінен, жеке жауапкершіліктен және азаматтық санадан басталады. Қарағанды облысында бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп, жыл басынан бері 100 мыңнан



астам адамды қамтыған 300-ден астам іс-шара ұйымдастырылды. Бүгінгі конференция білім мен тәжірибе алмасуға, сондай-ақ, заман талабына сай ойлайтын және жаңа сын-қатерлерге дайын кәсіби ортаны қалыптастыруға мүмкіндік береді, – деді облыстың ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Биқенов.

Конференция барысында қылмыстың жаңа түрлерімен күресу, әсіресе киберқылмыс, интернет-

алаяқтық және есірткі саудасының алдын алу мәселелері кеңінен талқыланды. Қатысушылар ғылыми зерттеулер мен практикалық тәжірибені ұштастыру қазіргі заманғы қауіп-қатерлерге тиімді қарсы тұрудың басты тетігі екенін атап өтті.

– Бүгінде қылмыс түрлері жаңа сипатқа ие болып, олардың басым бөлігі интернет кеңістігіне көшті. Әсіресе, есірткі саудасы мен алаяқтық қылмыстары ұйымдасқан

сипат алып, құқық қорғау органдарының алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Тергеу-оперативтік қызметте заманауи әдістер мен ғылыми тәсілдерді қолдану аса маңызды. Ғылыми ізденістер мен практикалық білімнің үйлесуі ғана барлық қауіп-қатерлерге тиімді қарсы тұруға мүмкіндік береді. Қарағанды академиясы әрдайым жоғары білікті кадрларымен, іргелі зерттеулерімен және ғылыми әзірлемелерімен ерекшеленіп келеді. Ака-

демияда киберқылмысқа қатысты алғашқы пәндер енгізіліп, бүгінде киберқауіпсіздік кафедрасы табысты жұмыс істеп, бірқатар ғылыми жобаларды жүзеге асыруда. Бүгінгі конференция – жай ғана кезекті іс-шара емес, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін таныстыратын маңызды алаң, – деді Қарағанды облысының прокурорының орынбасары Еділ Жұбанов.

Секциялық отырыстарға Ресей Федерациясы, Қырғыз Республикасы және Беларусь Республикасы ІМ академияларының курсанттары қатысып, ғылыми баяндамаларын ұсынды. Сонымен қатар, Е.Бокетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті және Bolashaq академиясы студенттері құқықтану мен құқық қорғау жүйесінің өзекті мәселелеріне арналған зерттеулерін таныстырды.

Халықаралық конференция құқықтық мемлекет қағидаларын нығайтуға, ғылыми тәжірибе алмасуға және жас зерттеушілердің әлеуетін арттыруға бағытталған маңызды алаңға айналды. Мамандардың пікірінше, мұндай іс-шаралар заңдылықты қамтамасыз ету тетіктерін жетілдіріп қана қоймай, жастардың отансүйіштік рухын күшейтуге де ықпал етеді.

Сурет ұйымдастырушылардан

Құттықтау

Ардақты әкеміз, асыл атамыз – Тұрғанбек Түсіпбайұлы ТҮСПБАЙ!

Сізді 90 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Сіз 1936 жылы 20 мамырда Ақтоғай ауданы Жидебай селолық округінің Сәуде ауылында дүниеге келісіз.

Токсан жылдық ғұмырыңыз – тұтас бір дәуірдің шежіресі. Сіз жастайыңыздан еңбекке араласып, саналы ғұмырыңызды туған елге қызмет етуге арнадыңыз. Тыл еңбектері болдыңыз. Аудандық партия, комсомол орындарында, ауыл шаруашылығының ветеринария саласында, аудандық әкімдіктің жалпы бөлім меңгерушісі болып жауапты қызметтерді жасап, абыройлы еңбек етіп, ел құрметіне бөленіп, зейнеткерлікке шықтыңыз.



Сонымен бірге өнер мен мәдениеттің дамуына үлкен үлес қосып, «Тоқырауын толқындары» ансамблінің қалыптасуына атсалыстыңыз. Кейін «Ардагерлер» ансамблін ұйымдастырып, ел ықыласына ие болдыңыз. Сіздің ұзақ жылғы еңбегіңіз, халыққа жасаған қызметіңіз, өнер мен мәдениетке қосқан үлесіңіз елесіз қалған жоқ. Адал еңбегіңіздің арқасында «Еңбек ардагері», ҰОС-ндағы Жеңістің 70, 75, 80 жылдық медальдарының иегерісіз. 2018 жылы «Ардагерлер» ансамблінің 20 жылдығына орай «Ардагерлер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Орталық кеңесінің «Құрмет грамотасымен» марапатталдыңыз, және де Ақтоғай ауданының атақты «Тоқырауын толқындары» ән-би ансамблінің құрылғанына 50 жыл толу салтанатына орай Қарағанды облысының қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысқаны және әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі мен мінсіз еңбегіңіз үшін Қарағанды облысының «Құрмет грамотасымен» және Ақтоғай ауданы әкімінің Алғыс хатымен марапатталдыңыз. Ақтоғай аудандық энциклопедиясына енгізілгенсіз.

Сіз бізге өмірдің ең асыл қасиеттерін – адалдықты, еңбекқорлықты, мейірімділікті үйреттіңіз. Анамыз Қадияна екеуіңіз өсірген ұрпағыңыз бүгінде Сіздердің тәрбиелеріңізді мақтан тұтады. Бүгінде өсірген ұл-қыздарыңыз, немере-шөберелеріңіздің ортасында отырғаныңыз – біз үшін үлкен бақыт әрі мақтаншыл. Біз Сізге әрдайым бас иіп, амандық пен ұзақ ғұмыр тілейміз, ортамызда аман-есен жүре берудіңізді Алла нәсіп етсін!

Асқар таудай әкем менің, асылым, Өмір жолы – өнегелі ғасырым. Токсан жасқа келсеңіз де бүгінде, Биік сіздің адамдық пен арыңыз.

Қанша белес артта қалды алыста, Ізгі ісіңіз сақталды халықта. Өнер менен еңбекті де қатар ұстап, Құрмет таптың туған ел мен қауымыма.

Ақыл айтқан әрбір сөзің – бір мектеп, Мейірімді жүректің нұр сеппек. Немере мен шөберенің ортасында, Бақытты жан өзіңізсіз бұл, шын тек.

Токсан жасың – шежірелі бір дастан, Өмір жолың бізге мәңгі нұр шашқан. Ұзақ ғұмыр, мықты денсаулық тілейміз, Аман жүрші, әкешім, асыл қазынам!

Ізгі тілекпен: балаларыңыз, келіндеріңіз, немере-шөберелеріңіз, бауырларыңыз.

№173

«Атадан мал қалғанша...»

«Таза Қазақстан» экологиялық акциясы өңірде қарқынды түрде жалғасын келеді. Аталған бастама аясында Қазақстан халық партиясы облыстық филиалының мүшелері облыстық Әнет баба орталық мешітінің аумағына көгалдандыру жұмыстарын жүргізді. 100 түп алма және 200 түп емен ағашын отырғызып, мешіт аумағын көгалдандыруға сүбелі үлес қосты.



Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Партияның облыстық филиалының басшысы Халел Максұтов 2023 жылдан бері партия мүшелері мектептер мен балабақшалардың аурасында 125 түп ағаш еккенін атап өтті. Оның айтуынша, отырғызылған көшеттердің тек бесеуі ғана жерсінбеген. Алайда, бұл олқылықтың орны дер кезінде толтырылып, орнына қайтадан жаңа көшеттер егілген. Бүгінде барлық көшеттер көктеп, жайқалып өсіп тұрғаны атап өтілді.

Сегіз жылдан кейін Қарағанды қаласының 100 жылдық мерейтойы атап өтіледі. Осыған байланысты өткен жылы арнайы 10 жылдық жоспар әзірлеген болатынбыз. Негізгі мақсат – жыл сайын 200 түп ағаш отырғызып, гасырлық мерейтой қарсаңында қала тұрғындарына үлкен саябақ сыйлау. Бүгінгі акцияға күткенімізден де көп адам жиналды. Бұл – тұрғындардың туған қалаға деген жанашырлығы мен ортақ іске бейжай қарамайтынын көрсетеді. Шараның басты мақсаты – халықты игі іске жұмылдыру, қоғамды жақсылық айналасына топтастыру. Ерекшелігі сол, ағаш отырғызуға келген әр адам талға өз ата-анасының немесе жақын жандарының есімін жазып, оны сол кісілердің құрметіне арнап отырғызды. Сонымен қатар, қатысушылар егілген көшеттерді күтіп-баптап, суару жауапкершілігін де өз мойындарына алғандарын айтты, – деді Халел Мұқатайұлы.

Айта кетейік, бұл игі бастамаға қаржылық қолдау көрсеткен азаматтардың бірі – партия мүшесі, «Мамина» шұжық зауытының директоры Александр Владимирович. Отырғызылған көшеттердің күтімін өз бақылауына алып, ағаштарды аптасына екі рет тұрақты түрде суаруды ұйымдастыру жауапкершілігін өз мойнына алған. Осы мақсатта кәсіпкер өз қаражаты есебінен арнайы мамандарды жалдап, күз мезгіліне дейін көшеттерді суару жұмыстарын қамтамасыз етпек. Ал, бұл істің сапалы әрі жүйелі орындалуын Халел Мұқатайұлы тікелей қадағалайтынын жеткізді. Сонымен қатар, егер қандай да бір көшет жерсінбей, қурап қалған жағдайда, Александр Владимирович келер жылы олардың орнына қайтадан жаңа ағаш отырғызуды да өз міндетіне алған.

Аталған іс-шараға Қарағанды жоғары медициналық институтының ұстаздары да қатысып, белсенділік танытты.



қалдырдым, – деді Әсем Амангелдіқызы.

«Көзқорғандар» ардагерлер халықтық хор ұжымы да аталған акцияға арнайы қатысты. Ұжым мүшелері бұл күні алма ағаштарының көшетін отырғызып, табиғатты көркейтудің ісіне өз үлестерін қосты.

– Болашақ ұрпаққа өз атымыздан бір белгі қалсын деген ниетпен, «Көзқорғандар» ұжымының атынан бір-бір алма ағашының көшетін отырғыздық. Қарап отырсақ, бұл шараға тек өзіміз ғана емес, немерелерің жетектеп келген ардагерлер де көптеп қатысуда. Осындай өнегелі істің өтетінін естіген бойда қуана-қуана келдік. Енді отырғызған ағаштарымыз жайқалып өсіп, осы маң балалардың шат күлкісіне толы, немерелеріміз еркін ойнап жүретін орынға айналаса екен дейміз, – деді хор ұжымының мүшесі Бижамаал Айтпаева.

Алдағы уақытта филиал басшысы мемлекет тарапынан арнайы жер берілсе, «Әкелер» және «Аналар» саябағын ашу бастамасын қолға алуға ниетті екенін атап өтті.

Сегіз жылдан кейін Қарағанды қаласының 100 жылдық мерейтойы атап өтіледі. Осыған байланысты өткен жылы арнайы 10 жылдық жоспар әзірлеген болатынбыз. Негізгі мақсат – жыл сайын 200 түп ағаш отырғызып, гасырлық мерейтой қарсаңында қала тұрғындарына үлкен саябақ сыйлау. Бүгінгі акцияға күткенімізден де көп адам жиналды. Бұл – тұрғындардың туған қалаға деген жанашырлығы мен ортақ іске бейжай қарамайтынын көрсетеді.

Оқу орнының өкілдері әрқайсысы бір-бір көшеттен отырғызып, болашақ саябақтың көгалдануына өз үлестерін қосты. Сонымен қатар, интерколледж директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Әсем Байтасова бұл игі акцияға отбасымен бірге келгенін атап өтті.

Өз басым мұндай игі іс-шаралардан қалыс қалмауға тырысамын. Қашанда осындай бастамаларға белсене қатысып, келешек ұрпақ үшін өз үлесімді қосып келемін. Бұл жолы да тек өзім емес, туыстарыммен бірге келіп, акцияға атсалыстық. Бүгінгі шараның ең бір ерекшелігі – әрбір отырғызылған талдың белгілі бір адамға, отбасына немесе жақын жандарға арналып егілгені. Яғни, өз басым әр көшетті ата-әже, әке-шешемнің атынан отырғызып, ізгі белгі

ген ниетпен, «Көзқорғандар» ұжымының атынан бір-бір алма ағашының көшетін отырғыздық. Қарап отырсақ, бұл шараға тек өзіміз ғана емес, немерелерің жетектеп келген ардагерлер де көптеп қатысуда. Осындай өнегелі істің өтетінін естіген бойда қуана-қуана келдік. Енді отырғызған ағаштарымыз жайқалып өсіп, осы маң балалардың шат күлкісіне толы, немерелеріміз еркін ойнап жүретін орынға айналаса екен дейміз, – деді хор ұжымының мүшесі Бижамаал Айтпаева.

Алдағы уақытта филиал басшысы мемлекет тарапынан арнайы жер берілсе, «Әкелер» және «Аналар» саябағын ашу бастамасын қолға алуға ниетті екенін атап өтті.

Суретті түсірген автор

ФУТЗАЛ

Бір ұпаймен қалыс қалды

Футзалдан ел чемпионатының іріктеу кезеңі өз мәресіне жетті. Ал, бұл турнирде өнер көрсететін қарағандылық «Тұлпар» футбол командасы өкінішке орай іріктеу кезеңіне өтпеді. Жерлестер соңғы кездесуде сырт алаңда Талдықорғанның «Жетісу» командасын 6:2 есебімен жеңгенімен, іріктеу кезеңіне ұпай саны жеткен жоқ.



Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Қарағандылықтар сырт алаңда өткен екі ойынның тек біреуінде ғана ұпай еншілей алды. Алғашқы кездесуде 4:6 есебімен жеңілгенімен, қарымта кездесуде 6:2 есебімен есе қайтарды.

Чемпионат ережесіне сәйкес алғашқы сегіз команда келесі кезеңге өтуі керек. Ал, қарағандылықтар VIII орында тұрған елордалық «Астана» футбол клубынан бар болғаны бір ұпай айырмашылығымен қалып қойды. Жерлестер турнир аясында 44 ойын өткізіп, 48 ұпай еншілеген. Ал, «Астана» 49 ұпаймен келесі кезеңнің жолдамасын еншіледі. Көш басына 119 ұпаймен «Семей» футбол командасы шықты.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 1 ақпандағы № 36 бұйрығымен бекітілген әлеуметтік маңызы бар нарықтардағы баға белгілеу ережелерінің (бұдан әрі № 36 ережелер) 3-тармағына сәйкес, «Қарағанды аймақтық энергетикалық компаниясы» ЖШС Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің Табиғи монополияларды реттеу комитетінің департаментіне 2026 жылғы 15 маусымнан бастап, электр энергиясымен жабдықтау бағасының алдағы өзгеруі туралы ақпарат берді, оны көтеру себептерін негіздеп және растайтын материалдар мен құжаттарды қоса тіркеді.

№100

Болашаққа инвестиция

2025-2026 оқу жылының қорытындысы шығарылды. Өңірде 42 мыңнан астам бала мектепке дейінгі тәрбиелеу қамтылып, 83 жаңа балабақша ашылды. Биыл 23 мыңнан астам мектеп түлегі қорытынды аттестаттаудан өтсе, 248 оқушы «Алтын белгіге» үміткер. Облыс колледждері 10 322 жас маманды оқытуға жолдайды. Ал, өңір оқушылары халықаралық олимпиадалар мен робототехника байқауларында жеңіске жетіп, Қазақстанның білім саласындағы әлеуетін әлемдік деңгейде дәлелдеді.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінде Қарағанды облысында 415 мектепке дейінгі ұйым жұмыс істейді. Оларда 42 мыңнан астам бала тәрбиеленіп, бұл екі мен алты жас аралығындағы балалардың 90,9 пайызын қамтып отыр. 2025 жылы 83 мектепке дейінгі ұйым ашылып, 5 038 жаңа орын құрылды. Жүйелі жұмыстың нәтижесінде биыл тағы 17 жаңа балабақша ашылып, 1 980 орын пайдалануға беріледі. Қарағанды қаласында мектепке дейінгі ұйымдарды вачерлік қаржыландыру жүйесіне көшіру басталды. Бұл тәжірибе алдағы уақытта облыстың барлық өңірлеріне кезең-кезеңімен енгізіледі.

Облыс мектептерінде оқу сабақтары 25 мамырда аяқталды. Осы күні барлық білім беру ұйымдарында «Білімім – Отаным!» тақырыбында бірыңғай сынып сағаты өтеді. Биыл 9-сыныпты 15 мыңнан астам, 11-сыныпты 8 мыңнан астам оқушы тәмамдайды. 248 түлек «Алтын белгі» төсбелгісіне үміткер. 9-сынып түлектерінің қорытынды



аттестаттауы 29 мамыр мен 11 маусым аралығында, 11-сынып түлектерінің 2-15 маусым күндері өткізіледі. Аттестаттарды тапсыру салтанаты 17-18 маусымда мектеп қабырғасында ұйымдастырылады. «Алтын белгіге» үміткерлердің емтихан жұмыстары білім басқармасы жанындағы облыстық комиссияда қаралады. Бұл бағалаудың ашықтығы мен әділдігін қамтамасыз етеді, – деді облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Мейіжан Сыздықов.

Қарағанды облысының оқушылары халықаралық және республикалық олимпиадаларда жоғары нәтижелер көрсетті. Satbayev University білім грантына ие болған оқушылардың жетістіктері ерекше атап өтілді. Fibonacci Eurasia Robot Olympiad, Alem Tech Fest 2026, Infomatrix Asia-2026 және RoboCup 2025 секілді беделді жарыстарда өңір оқушылары жеңімпаз атанды. Houston қаласында өткен робототехникадан әлем чемпионатында «Mұрагер»



БОЛАШАҚ ҰРПАҚ

мектебінің JELTOQSUN командасы I орын алып, әлемнің 58 елінен келген қатысушылар арасында халықаралық SUSTAIN AWARD WINNER марапатын иеленді.

10 мамырдан бастап, Ұлттық бірыңғай тестілеудің жазғы кезеңі басталды. Бұл кезеңнің нәтижелері жоғары оқу орындарының білім гранттары конкурсына қатысуға мүмкіндік береді. ҰБТ электронды форматта өткізіліп, заманауи прокторинг және бейнебақылау жүйелерімен қамтамасыз етілген. Биыл бірінші сыныпқа құжат қабылдау 29 маусым мен 31 тамыз аралығында жүргізіледі. Өтінішті eGov.kz порталы арқылы немесе қағаз нұсқада тапсыруға болады. Қызмет бір жұмыс күні ішінде көрсетіледі.

Колледждерге құжат қабылдау 20 маусым мен 29 тамыз аралығында өтеді. Құжаттарды eGov.kz порталы арқылы онлайн немесе қабылдау комиссияларына дәстүрлі форматта тапсыруға болады.

Суретті түсірген Александр МАРЧЕНКО

ҚҰҚЫҚ

Ұрылар ұсталды

Қарағанды қаласында полиция қызметкерлері бірнеше велосипед ұрлығына қатысы бар күдіктіні анықтап, ұрланған мүліктерді иелеріне қайтарды. Ә.Бөкейхан атындағы аудандық полиция бөлімінің жедел қызметкерлері жүргізген кешенді шаралар барысында өңірде жасалған бірнеше қылмыстың беті ашылды.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Төртінші сәтшілерінің мәліметінше, кезекші бөлімге 45 жастағы қала тұрғыны арызданып, өзінің велосипеді қолды болғанын хабарлаған. Осыдан кейін полиция жедел-іздетіру жұмыстарын бастап, көп ұзамай 34 жастағы жергілікті тұрғынның ізіне түсті.

Күдіктіге қатысы бар орындарды тексеру барысында оның танысына тиесілі сарайдан іздеуде жүрген велосипед табылды. Сонымен бірге, сол жерден тағы төрт велосипед анықталған. Кейін олардың да ұрланған мүлік екені белгілі болды.

Тергеу барысында бұған дейін полицияға ресми арызданбаған

бірнеше дерек те әшкереленді. Атап айтқанда, өткен жылдың маусым айында 34 жастағы қарағандылық әйелдің құны 50 мың теңге тұратын велосипеді жоғалғаны анықталды. Ал, шілде айында 30 жастағы тұрғын дәл осындай қылмыстың құрбаны болған. Тамыз айында 19 жастағы азаматтың 100 мың теңгеге бағаланған велосипеді ұрланған.

Бұдан бөлек, 10 мамырда тағы бір велосипед ұрлығы тіркелді. Бұл жолы 36 жастағы қала тұрғыны 90 мың теңге көлемінде шығынға ұшыраған. Аталған іске қатысы бар деген күдікпен

16 жастағы жасөспірім полиция бөліміне жеткізілді.

Қазіргі уақытта барлық факті бойынша сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізілуде. Айғақты заттар тәркіленіп, қылмыстық іс материалдарына тіркелген. Полиция қызметкерлері ұсталғандардың өңірде жасалған өзге де осыған ұқсас қылмыстарға қатысы бар-жоғын тексеруде.

Мамандар тұрғындарға велосипедтерді қараусыз қалдырмауға, арнайы құлыпта құрылғыларын пайдалануға және қопқабаты үйлердің кіреберістерінде ұзақ уақытқа қоймауға кеңес береді.

КЕШ

Әнші мерейі

Жүсіпбек Елебеков атындағы республикалық ән байқауының бас жүлдегері, Мәди Бәниұлы атындағы, Манарбек Ержанов атындағы, Қасым Аманжолов атындағы республикалық ән байқауларының лауреаты, Арқаның ардақты әншісі Құрмаш Ыбышев 60 жасқа толды. Мерейтойға орай Кеншілер мәдениет сарайында әншінің «Әніме ұйып тына бер...» атты ән кеші өтті.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мерейтой иесі әннің көшін Біржан салдың «Жалғыз аршасымен» бастап,

дауысын аңсап келген тыңдарманын кикүлдетті. Ақан серінің «Жамал қызымен» бір тербеп алды. Жауа Мұсаның «Ақсиса» әнін шырап, «ән!» деп келген көңілді әуелетті. Балван шолақтың

«Ғалиясын», «Сейтжан салдың «Қанаталдысын», Манарбек Ержановтың «Паравозын» шырқады.

Мәдениет саласының үздігі Сырым Хордин мен республикалық байқаулардың лауреаты Гүлмира Тапай және Нұрлытаң Саятқызы есімді Арқаның талантты әншілері қазақтың классикалық әндерін әуелетті.

Құрмаш әкенің өнер-өмірінің жалғасы Тәттімбет атындағы өнер колледжінің IV курс студенті Әлия Құрмашқызы Евгений Тростянскийдің «Кадриль» туындысын шырқады.

Әншінің туған өлкесі Қарқаралыдан аудан әкімінің орынбасары Нұржан Глияш елдің сәлемін аркалап келді.

– Құрмаш Ыбышев – сонау Темірші тауынан түлеп ұшқан тастүлек. Бүгінде 60 жасқа толып, кастерлі халқына есеп беріп жатыр. Осындай талантты ұлын халқы қадірлейді. Өнерді аялайтын, оған адал Құрмаш Ыбышевтай қазақтың дарындары көп болсын деп тілейміз! – деді Нұржан Глияш.

Талантты перзентіне Қарқаралының халқы ат мінгізіп, иығына шапан жапты.

Сурет Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің баспасөз қызметінен

ШАХМАТ

Күміс те, қола да қолда

Испанияның Рокетас-де-Мар қаласында сурдшахматтан есту қабілеті нашар спортшылар арасындағы әлем чемпионаты өтті. Оған әлемнің 30 елінен 120 шахматшы қатысып, өзара мықтыны анықтады. Аталған чемпионатқа ұлттық құрама сапында жерлесіміз Виктор Максименко қатысып, күміс және қола медаль жеңіп алды.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Виктор Максименко – шахматтан еңбек сіңірген спорт шебері, халықаралық Шахмат федерациясының FIDE шебері. 2019 жыл Италияда өткен XIX қысқы Сурдлимпиада ойындарының чемпионы. 2022 жылы Польшада өткен әлем чемпионатының күміс, 2024 жылы Түркияда өткен XX-ші қысқы Сурдлимпиада ойындарының қола жүлдегері. Осы жолы жерлесіміз шахматтың классикалық және рапид түрінен командалық сайыста сынға



түсіп, классикалық түрінен – қола, рапидтен – күміс жүлдеге қол жеткізді.

Айта кетейік, бұл турнирдің үздіктеріне қаңтарда Аустрияда өтетін XXI

қысқы Сурдлимпиада ойындарына жолдама берілді.

Сурет облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасынан

ҰЛТТЫҚ СПОРТ

Текті жұрттың төл ойыны

Аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен Ы.Алтынсарин атындағы «Келешек мектебі» базасында ұлттық рухты ұлықтаған, тағылымы терең II аудандық «Көшпенділер ойындары» өтті. Ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған ауқымды шараға ауданның 35 мектебінен 600-ге жуық оқушы қатысып, салт-дәстүр мен ұлттық спорттың мерейін үстем етті.

Нұрдіс КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ігі бастаманың басты мақсаты – ұлттық спорт түрлерін кеңінен насихаттау, жас ұрпақтың бойына рухани-адамгершілік қасиеттерді сіңіру, ұлттық мәдениетке деген қызығушылықты арттыру және ата-баба мұрасына деген құрметті жаңғырту болды.

Шара барысында халқымыздың ғасырлар қойнауынан жеткен ұлттық ойындары кеңінен дәріптелді. Асық ату, бес асық, тоғызқұмалақ, садақ ату, қазақ күресі және жілік сындыру сынды спорт түрлерінен оқушылар өзара бақ сынасып, ептілік пен шапшаңдықтың, төзімділік пен мергендіктің үлгісін көрсетті. Әсіресе, тоғызқұмалақ ойынындағы жас спортшылардың логикалық ойлау қабілеті көпшіліктің қызығушылығын тудырды.

«Көшпенділер ойындары» тек жарыс алаңы ғана емес, ұлттық рухты

асақатқан рухани мерекеге айналды. Қос ішекпен төгілген күмбірлі күй мен ұлттық өнерге арналған сахналық көріністер көрермен көңілін тербеп, төл өнеріміздің қадір-қасиетін айшықтай түсті. Сонымен қатар, қосымша білім беру ұйымдары мен өнер мектептерінің республикалық байқауларда топ жарып жүрген дарынды оқушылары ән мен биден шашу шашып, жиналған қауымның ыстық ықыласына бөленді.

Шара аясында мектептер бірлесе ұйымдастырған этноауыл ерекше әсер сыйлады. Киіз үйлер тігіліп, олардың іші ұлттық нақышта безендірілді. Құмай тазы мен қыран бүркіт әкелініп, қазақ халқының саятшылық өнері дәріптелді. Бұл көріністер жас буынның ұлттық мұраға деген қызығушылығын арттырып, ата дәстүрінің терең мәнін ұғынуға жол ашты.

Іс-шара барысында бүгінгі күні жүзеге асырылып жатқан «Заң мен Тәртіп» идеологиясы аясында «Жеті жарғы» қойылымы сахналанды. Көркем қойылым арқылы



қазақ халқының әділдікке, заңдылық пен тәртіпке негізделген дәстүрлі құқықтық жүйесі кеңінен насихатталды.

Жарыс қорытындысында алты спорт түрі бойынша үздік атанған оқушылар арнайы дипломдармен, кубоктармен және ақшалай сыйлықтармен марапатталды. Командалық есепте I орын алған командаға 100 мың теңге, II орынға 70 мың теңге, III орынға 50 мың теңге көлемінде ақшалай сыйақы табысталды. Командалық есеп нәтижесі бойынша I орынды Ы.Алтынсарин атындағы тірек мектебі жеңіп алса, II орынды Сәкен жалпы білім беретін мектебі иеленді. Ал, III орын Ю.Гагарин атындағы мектеп-лицейі командасына бұйырды.

Айта кетейік, жоғары деңгейде ұйымдастырылған II аудандық «Көшпенділер ойындары» қатысушылар мен қонақтарға ерекше көңіл күй сыйлап, ұлттық құндылықтарды ұлықтаудың жарқын үлгісіне айналды. Осындай тағылымды шаралар жас ұрпақтың бойында ұлттық рухты қалыптастырып, ата-баба мұрасын кастерлеуге тәрбиелейді.

Шет ауданы

Сурет ұйымдастырушылардан

ФУТБОЛ

«Шахтер» шаң қаптырды

Футболдан Қазақстан Бірінші лига ойындарының VI туры қарағандылық «Шахтер» футбол клубы үшін сәтті аяқталды. Бұл кезеңде «Шахтер» өз алаңында «Ақтөбе» жастарын қабылдап, 7:0 есебімен жеңіске жетті. Әрі жерлестер турнирлік кестеде 16 ұпай жинап, көш басындағы орнын сақтап қалды.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жерлестер үшін алғашқы айналым барлау кезеңі болған сынайлы. Олай дейтініміз, 45 минут бойы таблодағы көрсеткіш өзгермеді. Қос команда қанша шабуыл ұйымдастырып, соққы жасағанымен, бір-бірінің осал тұсын таба алмады. Тек, есеп, екінші айналымда ғана ашылды.

Төреші допты ойынға қосқан бойда қарсыластар допка иелік еткен. Алайда, жерлестер допты тартып алып, ойынның 46-шы минутында есеп ашты. Гол авторы – Рифат Нұрмұғамет. Допты алаң жиегінен қорғаушы Данила Василенко ойынға қосқан еді. Айып добының сыртында тұрған Рифат өзіне бағытталған допты қақпаға жойқын соққы жасап, ойындағы алғашқы есепті ашты. Бұдан кейін 51-ші және 56-шы минутта Артем Литош қос голды қатарынан салып, дубль авторы атанды. Есеп – 3:0.

Қарсылас қақпасына салынған төртінші гол да жойқын соққы еді. Артем Литош сол қапталдан қарсылас команда қорғау-

шыларын алдап өтіп, қақпаға ұмтылған Рифат Нұрмұғаметке пас асырып еді. Рифат қарсылас қақпасын нысанаға алып, жойқын соққы жасап, ойындағы екінші голын салды. Осылайша ойынның 60-шы минутында жерлестер таблодағы көрсеткішті 4:0-ге жеткізді.

Бұдан кейін 69 және 70-ші минутта Арман Нүсіп, 90+3-те Роман Асылбаев көзге түсіп, есепті 7:0-ге жеткізді.

Қазіргі таңда сұрмергендер тізімінде алты гол және төрт голдық пас берген Артем Литош көш бастап тұр. Ал, осы ойында қос голдың авторы атанған Рифат пен Арман бұл тізімде IV және V орында. Екеуінің еншісінде төрт голдан.

Турнир кестесінде II сатыда 14 ұпаймен «Қайрат» жастар клубы, III орында 12 ұпаймен «Тарас» клубы тұр.

Енді жерлестер мамыр айында тағы екі кездесу өткізеді. 21-інде сырт алаңда «Астана» жастар клубымен кездессе, 26-сында семейлік «Елімай» клубын өз алаңында қабылдайды.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары
Станислав Альбертович ПЕСНЕВ

Директордың орынбасары
Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҮСАБЕК

Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН

Сайт редакторы
А.Ә. СОВЕТ

Жауапты хатшы
С.Б. ПЛИЯШ

Телефондар:

Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:

Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
Материалдың жариялану ақысы төленген ☑

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № КЗ18ВРУ00030163 күәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 ғй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJZKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 081

№52 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Ербол ЕРБОЛАТ